


Бекітемін

№ 1 педагогикалық кеңесте

29 тамыз 2019 жыл

«Нұрсая» бөбекжай- балабақшасы

директор м.у.а: 

А. Егембердиева



***Ағыбет ауылдық округі әкімі аппаратының
«Нұрсая» бөбекжай - балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны 2019-2020 оқу жылының
жылдық жоспары***

Алғабас ауылы

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай- балабақшасының 2019-2020 оқу жылының
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

Балабақша жайлы қысқаша мәліметтер

Балабақшаның орналасқан жері:

Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Ағыбет ауылдық округі, Алғабас ауылы, Қаратау көшесі, № 46 үй.

Балабақша аудан әкімдігінің 31.10.2011 жылғы №538 қаулысы бойынша ашылған.

Проект бойынша қуаты – 50 (елу) орын

Балалар саны – 50 бала

Оқыту тілі – қазақ тілі

Жасы бойынша топтау және толықтыру.

№ р/с	Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Топ	Бала саны	Оқыту тілі
1	«Күншуақ»	1-2 жас	Кіші	25	мемлекеттік
2	«Кәусар бұлақ»	3 – 4 жас	ортаңғы	25	мемлекеттік

Педагогтардың сандық құрамы

Директор	Әдіскер, музыка жетекшісі	Тәрбиеші	Психолог	Орыс тілі мұғалімі	Барлығы
1	1	4	1	1	8

«Нұрсая» бөбекжай–балабақшасы бір қабатты ғимаратта орналасқан. Корпустарда топтың бөлмелері; ойын бөлмесі, жатын бөлме, қабылдау бөлмесі, директор, әдіскер, медициналық; оқшаулау (изоляция), психолог, шаруашылық меңгерушісі, асхана; тарату бөлмесі, ас үй ыдыстарын жуу бөлмесі, салқындату камерасы, құрғақ азық-түлік қоймасы, көкөністер қоймасы, кір жуатын бөлме; үтіктеу бөлмелері, таза төсек әбзелдердің бөлмесі бар. Бөлмелер заманауи талаптарға сай жабдықталған. Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға толық мүмкіндік жасалған. Әр топқа сай алаң бар. Ойын алаңы безендірілген және қажетті ойын құралдарымен жабдықталған. Қимылды ойындардың өтілуіне сай мүмкіндіктер жасалынған. Балабақша айналасы көгалдандырылған және қоршалған.

Педагог кадрлардың сапалық құрамы

№	Аты-жөні, тегі	Туған жылы, айы	Ұлты	Қызметі	Білімі	Қандай оқу орнын бітірді, қашан ?	Диплом бойынша мамандығы	Стажы		Санаты
								Жалпы стажы	Пед стажы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Игенбекова Раушан	04.01.1977ж	Қазақ	Директор	Жоғары	АӘИУ	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	17	16	I
2	Егембердиева Асылгүл	09.09.1983ж	Қазақ	Әдіскер, музыка жетекшісі	Жоғары	ОПУ	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	7	7	-
3	Шындалиева Сапаркул	08.1991ж	Қазақ	Психолог	Арн/орта	мұрагер колледж	Психолог	7	7	-
4	Игенбекова Райхан	22.06.1982ж	Қазақ	Орыс тілі мұғалімі	Арн/орта	АӘИУ	Бастауыш	2	2	-
5	Қылшынбетова Мадина	18.03.1961ж	Қазақ	Тәрбиеші	Арн/орта	педагогикалы ктүркістан училищесі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	16	16	II
6	Спабекова Индира	31.11.1973ж	Қазақ	Тәрбиеші	Жоғары	АӘИУ	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	8	8	II
7	Сербасева Макпал	17.04.1986ж	Қазақ	Тәрбиеші	Жоғары	АӘИУ	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	8	8	II
8	Жолдыбаева Айсәуле	15.12.1983ж	Қазақ	Тәрбиеші	Арн/орта	АӘИУ	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	2	2	-

1.2. 2018-2019 оқу жылындағы оқыту және тәрбиелеу жұмысының жылдық есебі

Балабақшаның 2018-2019 оқу жылындағы жұмыстың негізгі бағыттары:

Максат: Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетте балалардың жеке белсенділігін және оларды жан-жақты дамыту. Денсаулық, қатынас, таным, шығармашылық, әлеуметтік орта білім салаларында білім алу құзыреттілігін қалыптастыру.

Міндет:

«Денсаулық» білім саласы арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту, оларға өз денсаулығын күтуді үйрету;

Белсенді және шығармашыл болуға жағдай жасау арқылы әр балада ойын тәжірибесін дамыту;

Балалардың қатынас тілін дамыту жұмысына кешенді келуді қалыптастыру;

Педагогтар туралы мәлімет

Бөбекжай-балабақшасында педагогтар саны-8. Директор, әдіскер, тәрбиешілер саны-4, басқа педагогтар саны-1, музыка жетекшілері-1.

Жоғары білімділер саны-4, арнаулы орта білімділер саны - 4.

Жоғары біліктілік санаттылар саны -0, бірінші біліктілік санаттылар

саны-1, екінші біліктілік санаттылар саны-4, біліктілік санаты жоқтар саны- 3.

2018-2019 оқу жылында «Өрлеу» педагогтардың біліктілігін арттыру орталығынан 1-директор, 1- тәрбиеші, 1- психолог, өз біліктілігін көтеріп, сертификаттар алды.

Басқа мекемелермен байланыс

Бөбекжай- балабақшасында педагогтары аудандық білім бөлімімен, Облыстық педагог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығымен, «Майбұлақ» жалпы орта мектеппен, басқа бөбекжай-балабақшалармен үнемі байланыста болып, семинарларына қатысып, тәжірибе алмасып отырады.

Бөбекжай- балабақшасында қуыршақ театры тоқсанына бір рет балаларға жақсы қойылымдар көрсетілді. Бұдан басқа балаларға «Қауіпсіздік ережесі», «Көше қозғалысын сақтау ережелері» жөнінде ашық тәрбие сағаттары мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Балабақша Майбұлақ жалпы мектебімен, «Айсана»бөбекжай- балабақшасымен үнемі байланыста болады. Бөбекжай - балабақшадан шыққан түлектердің оқудағы үлгерімі жайлы мағлұмат алу үшін мектепке даярлық тобының тәрбиешілері үнемі бастауыш сынып мұғалімімен қарым-қатынаста болды.

Бөбекжай-балабақшасында аудандық санитарлық-эпидемиологиялық стансасы үнемі байланыста болады, олар жоспар бойынша балабақшаны тексеріп, балабақша қызметкерлерін сантехминимумнан өткізіп отырды.

Мамандармен жұмыс

Қазан айында №1 өндірістік кеңес болды. Оның күн тәртібіне балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, төтенше жағдай, азаматтық қорғаныс жұмыстары және балабақшаның қысқы маусымға дайындық жұмыстары тақырыбындағы сұрақтар қойылып, талқыланды.

Желтоқсан айында кезектен тыс №2 өндірістік кеңес өтілді. Оның күн тәртібіне ҚР 1998жылғы 02 шілдедегі №267-1 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңымен таныстыру қойылды. Олардың хаттамалары жазылды.

№3 өндірістік кеңес қаңтар айында өтілді, оның күн тәртібіне мекеменің санитарлық-гигиеналық залалсыздандыру ерелерін қадағалау мен тазалық жұмыстарын бақылаудың

есебі мен кезекті еңбек демалысының кестесімен таныстыру қойылды.

№4 өндірістік кеңес сәуір айында өтті, онда балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстары жайлы сөз болды және балабақша медбикесі К. Оразбекова «Балалардың дене жарақаттарын болдырмау және оны алдын алу» тақырыбында баяндама оқыды.

Оқу жылында бес меңгеруші жанындағы кеңес өтілу жоспарланды,

№1 меңгеруші жанындағы кеңес қыркүйек айында өтілді. Оның күн тәртібінде мынандай сұрақтар қаралды: 1. «Балалардың балабақшаға бейімделуі» тақырыбындағы тексерудің анықтамасымен танысу. 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен таныстыру. 3. Күзгі мерекелердің сценарийлерін бекіту.

№2 меңгеруші жанындағы кеңес қараша айында өтілді. Онда балабақшадағы шынықтыру шараларын ұйымдастыруды бақылау бойынша анықтама оқылды. Одан кейін жаңа жылдық мерекелердің сценарийлері бекітілді.

№3 меңгеруші

жанындағы кеңес қаңтар айында өтілді. Оның күн тәртібіне мына мәселелер қойылып, қаралды: топтарда ойын шығармашылығына жағдай жасалғандағын бақылау қорытындысы және балабақша қызметкерлерінің функционалды міндеттерін қарау және бекіту.

Ақпан айында кезектен тыс №4 өндірістік кеңес өтілді. Оның күн тәртібіне балабақшада қамқоршылық кеңес құру оның жұмысымен таныстыру қойылды.

№5 меңгеруші жанындағы кеңес наурыз айында өтілді.

Онда көктемгі мерекелердің сценарийлері бекітілді, балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруды бақылаудың анықтамасы оқылды.

Сәуір айында кезектен тыс №6 меңгеруші жанындағы кеңес өтілді. Оның күн тәртібіне балабақша психологы С. Шындалиева «Мектепке дейінгі ұйым педагогтарына арналған қарым-қатынас ережесімен» таныстырды.

№7 меңгеруші жанындағы кеңес мамыр айында өтілді. Онда топ тәрбиешілерінің атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды, «Қатынас» білім саласының пәндік-дамытушы ортасын бақылаудың анықтамасы оқылды және балабақша түлектерін шығарып салу ертеңгіліктерінің сценарийлері бекітілді.

№8 меңгеруші жанындағы кеңес маусым айында өткізілді, балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруды бақылаудың қорытындысы бойынша анықтама оқылды, медбикелер жаз мезгілінде кездесетін ауруларды алдын алу жайлы мәліметтеме берді.

Балалармен жұмыс

Ертеңгіліктер, ойын –сауықтар, байқаулар

1-қыркүйек күні «Сәлем, қыркүйек», «Ата-заңым айбыным» тақырыбында ортаңғы топтардың қатысуымен мерекелік бағдарлама болды. Жаңа оқу жылының басталғанын, келесі жылы осы уақытта мектеп табалдырығын аттайтындарын, білім мерекесінің маңызды мерекенің бірі екенін бүлдіршіндерге жеткізе білді.

Қазан айында болған «Алтын күз» ертеңгілігіне ортаңғы, кіші топтары қатысты. Осылардың ішінде ең жоғары деңгейде өздерін көрсете білген топтың тәрбиеленушілері марапатталды. Жомарт күз жайлы білімдерін бекіте білді.

«1 желтоқсан-Тұңғыш президент күніне» онкүндік ұйымдастырылып барлық топтарда елбасы туралы балаларымен тәрбиешілер әңгімелесулер өткізді, ашық тәрбие сағаттары, көрсетілімдер көрсетті.

Осыдан кейін балабақша ішілік 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне арнап «Тәуелсіздік-тұғырың» тақырыбында ертеңгіліктер өткізді. Бұл іс-шараның мақсаты бүлдіршіндердің бойында Отанға, туған жеріне, туған тіліне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ояту болатын, тәрбиешілер осы мақсатқа жете білді.

Балалардың ең жақсы көретін жаңа жыл мерекесіне арнап «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбында барлық топтарда үш күнге бөлініп ертеңгіліктер өтті. Барлық топтың балалары балабақшаның карнавалдық киімдерін киіп, сыйлықтар алып, жаңа-жылдық қойылым қойылып, мереке жоғары деңгейде өтті. Балалардың карнавалдық костюмдеріне

ата-аналары дән риза болды. Наурыз айында «Аналар мерекесіне сыйлық», «Қыз өмірдің қызғалдағы» атты тақырыпта топтардың тәрбиешілері мен қыздар арасында байқау өткізілді. «Наурыз келді, алақай!» тақырыбында ертеңгіліктер өтті.

Мамыр айында Жеңіс күніне байланысты ашық тәрбие сағаттары мен мерекелік ертеңгіліктер өткізілді. Оған Ұлы Отан соғысының ардагері Беспәев Жаулан ата шақырылды. Оны балалар мерекемен құттықтап, қойылым көрсетілді. «Кәусар бұлақ» ересектер топтары балаларын «Балабақшамен қоштасу» ертеңгіліктері өткізілді. Балалар өздерінің балабақшадан алған білімдерімен, өнерлерімен мектепке қандай дәрежеде дайын екендіктерін көрсетті, ата-анақауымы балабақша ұжымына өз ризашылықтарын білдірді. «1 Маусым-балаларды қорғау күніне» мерекелік іс-шара көрсетіліп, балабақшаға цирк шақырылды, спорттық ойын-сауық ұйымдастырылды. Жазғы сауықтыру шынықтыру жұмыстары өте қызықты өз дәрежесінде өткізілді.

Көрмелер мен байқаулар

Қазан айында «Күз сыйы-бақшада өскен ойыншықтар» тақырыбында көкөністер мен жемістерді пайдаланып жасанды бұйымдар көрмесі өтті. «Ең үздік жұмыстар» деп «Күншуақ» тобының баласы Асылхан Көркемнің жасаған жұмысы танылды.

Желтоқсан айында «Менің Отаным-Қазақстан» атты ортаңғы топ арасында сурет көрмесі өтті.

Желтоқсан айында «Жаңа жылдық ең әсем безендірілген топ» тақырыбында барлық топтар арасында байқау өткізілді.

Қаңтар айында «Балабақшадағы ойын-сауықтар» фотосурет көрмесі өтті, оған мерекелік іс-шаралардағы ең қызықты сәттердің фотосуреттері ілінді.

Наурыз айында «Анамның портреті» тақырыбында сурет көрмесі өтті, оған кіші топ пен ортаңғы топтардың балалары қатысты. «Ең үздік» деп «Кәусар бұлақ» тобының балаларының жұмыстары танылды.

Шілде айында «Ең жақсы ойын алаңы» байқауы өтті, оның жеңімпаздары деп «Күншуақ» топтары аталды.

Ойын-сауықтар

Қыркүйек айында «Жүргінші, абайла» тақырыбында мектепке даярлық топтар арасында ойын-сауық өткізілді. Бұл ойын-сауықтың мақсаты: жолда жүру ережесін, бағдаршамның жұмысын, әр түрлі жол белгілерін, қауіпсіздік ережесін балаларға түсіндіру болатын. Балалар жаяу жүргіншілер және жүргізушілер болып екіге бөлініп, жолда жүру ережесін өздері көрсетті.

Ай сайын «Спорттық мереке» тақырыбында жарыстар өткізіліп отырды, онда эстафеталар, спорттық ойындар ойналды.

Қаңтар айында ортаңғы және ересектер топтарының қатысуымен «Қыс қызықтары» тақырыбында ойын-сауық өтілді. Онда балалар аққала жасаудан, шанамен сырғанаудан жарысты.

Сәуір айында балабақшаның ән жетекшісі А. Егембердиева «Сәлем, құстар» тақырыбында ойын-сауық ұйымдастырды. Барлық топтар ата-аналардың қатысуымен құстарға арнап өз ойын алаңдарындағы ағаштарға үйшік ілді.

Сәуір айында балабақша ішінде «Айгөлек» ән-би байқауы өтті. Оған ересектер топтарының тәрбиеленушілері қатысты. «Кәусар бұлақ» тобының тәрбиеленушісі Әбдіраш Қуаныш өзінің «Солдат болам мен ертен» әнімен жеңімпаз атанды. Ал ата-аналар балаларға сыйлықтар әперді және жанкүйер болып қатысты.

Балаларға жоспар бойынша қуыршақ театры, танымдық мультфильмдер көрсетіліп тұрды.

Шілде айында «Су патшалығына саяхат» тақырыбында барлық балаларға ойын-сауық ұйымдастырылды.

Саяхаттар мен серуендер

Наурыз айында «Үлкен Шаян» өзеніне балалармен саяхат ұйымдастырылды. Тәрбиешілер өз жоспарлары бойынша «Жол қозғалысы ережелерімен» таныстырды. Қараша айында мектепке дайын балаларымен Майбұлақ атындағы жалпы орта мектебіне саяхат ұйымдастырылды, онда балаларды мектеп өмірімен таныстырды.

Басшылық және бақылау жұмысының орындалу айқындылығы

Меңгеруші мен әдіскердің басшылығымен тамыз айында барлық топтардың жаңа оқу жылына даярлықтары тексерілді. №1 педагогикалық кеңесте анықтамасы оқылды.

Қыркүйек айында І-ші кіші топтарда «Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі» тақырыбында салыстырмалы тексеру түрі болды. №1 меңгеруші жанындағы кеңесте анықтамасы оқылды.

Қазан айында ортаңғы топтарында серуенді ұйымдастыруын бақылау мақсатында салыстырмалы тексеру жүргізілді. Оның анықтамасы №2 педкеңесте оқылды.

Қараша айында барлық топтардың шынықтыру шараларын ұйымдастыруы бойынша көріністік тексеру болды, оның анықтамасы №2 меңгеруші жанындағы кеңесте оқылды.

Қаңтар айында барлық топтардың ойын шығармашылығына жағдай жасалуы бойынша көріністік тексеру болды, оның анықтамасы №3 меңгеруші жанындағы кеңесте оқылды.

Ақпан айында ересектер топтары арасында ережемен ойналатын ойындарды ұйымдастыру бойынша салыстырмалы тексеру өтті, оның анықтамасы №4 педагогикалық кеңесте оқылды.

Наурыз айында І-ші кіші топта балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру бойынша салыстырмалы тексеру болды, оның анықтамасы №4 меңгеруші жанындағы кеңесте оқылды.

Сәуір айында барлық топтарда «Қатынас» білім саласының пәндік-дамытушы ортасын ұйымдастыруын байқау мақсатында көріністік бақылау өтті, оның анықтамасы №7 меңгеруші жанындағы кеңесте оқылды.

Мамыр айында мектепке дайындық топтар арасында балалардың бағдарламаны меңгеруін бойынша салыстырмалы бақылау өтті, анықтамасы №6 педагогикалық кеңесте оқылды.

Маусым айында барлық топтар арасында балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру бойынша көріністік тексеру болды, оның анықтамасы №8 меңгеруші жанындағы кеңесте оқылды.

Тәрбие және оқытуда жасалынып жатқан жұмыс жағдайын басшылық күнделікті бақылап, қадағалап отырады. Атап айтқанда, күн режиміндегі жұмыстардың орындалуын және сауықтыру жұмыстарының орындалуын қадағалау, тазалықтың сақталуын, оқу-тәрбие процесінің дұрыс жүргізілуін бақылау т.с.

Балабақшаның 2019-2020 оқу жылындағы жетістіктері

Бөбекжай-балабақша тәрбиеленушісі Әбдіраш Куаныш «Айгөлек-2019» аудандық өнерлі балалар фестиваліне қатысып, музыка жетекшісі А.Егембердиева алғыс хатпен марапатталды.

Мамыр айында «Жаңа білім бағдарламалары, инновациялар және құзыреттілік тәсілдемелік табысты мектепке қадамдар» тақырыбында өткен басшылар байқауында мекеме басшысы Р.Игенбекова екінші орынды алды.

Балабақшада жазғы сауықтыру, шынықтыру іс-шаралары жоспарланды және жаз бойы жоспар бойынша жұмыс жалғасын тапты.

Жаз бойы барлық топтарда, ғимарат ішінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, педагогтар жаңа оқу жылына топтарын дайындады, көрнекіліктерін жанартып, толықтырды.

2019-2020 оқу жылына арналған жылдық мақсат-міндеттер

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс сөйлеуін дамытудағы әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білу, білім беруде ақпараттық технология әдісін пайдалану, рухани-адамгершілік тәрбиесін күн тәртібінің барлық сәтінде, ұйымдастырылған оқу қызметтерінде қолдана алу.

Жылдық міндеттер

Балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу («Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Туған жер» кіші бағдарламасы), балалардың тарихқа, табиғатқа, мәдениетке және туған өлкенің бай мұрасына сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Жалпы балалардың күзіреттілігін арттыра отырып, дене қимылының қажеттіліктерін денсаулық сақтау технологиясы арқылы қамтамасыз ету

Мектепке дейінгі мекемесі білім беруде ақпараттық – коммуникативтік технология арқылы педагогтардың іс-тәжірибелерін кеңейту.

Бөбекжайға әртүрлі себептермен келмейтін балалардың ата-аналары үшін кеңес беру орталығының жұмысын жандандыру.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқықтық құжаттар

1	1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы) (бұдан әрі – Стандарт);
2	2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқстандағы №557 бұйрығы) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспары);
3	3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама);
4	4. Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығы) (бұдан әрі –Санитариялық қағидалар);
5	5.«Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы №337 бұйрығы.
6	6.«Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы.
7	7.«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы.
8	8.«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы.
9	9. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы.
Мектепке дейінгі мекеменің жұмыс жасайтын бағдарламасы	
1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы

I. Жылдық жоспардың негізгі бөлімі

Педагогтардың әдістемелік деңгейін және кәсіби біліктілігін арттыру

Мақсаты: педагогтың кәсіби құзіреттілігін дамыту.

2019-2020 оқу жылында педагогтардың құрамы

№	Диплом бойынша мамандығы (Жоғары)	Қызметі	Саны
1.	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	Директор	1
2.	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	Әдіскер Музыка жетекшісі	1
3.	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	Тәрбиеші	2
4	Педагогика мен психология	Орыс тілі мұғалімі	1
Диплом бойынша мамандығы (орта арнаулы)			
1.	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	Тәрбиеші	1
2.	Бастауыш білім беру	Тәрбиеші	1
3.	Мектеп психологиясы	Психолог	1

Педагогтардың білім деңгейін жетілдіру туралы

№	Аты-жөні, тегі	Қызметі	Қайта дайындау курсынан өткен жылы	Курстан қашан өту керек
1	2	3	4	5
1	Игенбекова Раушан	Директор	Алматы «Өрлеу» 2019ж	2024ж
2	Егембердиева Асылгүль	Әдіскер	АО БАҰО «Өрлеу» Шымкент 2019ж	2024ж
3	Шындалиева Сапаркүл	Психолог	АО БАҰО «Өрлеу» Шымкент 2019ж	2024ж
4	Игенбекова Райхан	Орыс тілі мұғалімі	ППД Дамыту орталығы 2017ж	2022ж
5	Қылшынбетова Мадина	Тәрбиеші	АО БАҰО «Өрлеу» Шымкент 2015ж	2020ж
6	Спабекова Индира	Тәрбиеші	АО БАҰО «Өрлеу» Шымкент 2015ж	2020ж
7	Сербаета Мақпал	Тәрбиеші	АО БАҰО «Өрлеу» Шымкент 2019ж	2024ж
8	Жолдыбаева Айсәуле Жаңабайқызы	Тәрбиеші	АО БАҰО «Өрлеу» Шымкент 2017ж	2022ж

Аттестация комиссиясының жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	кімге арналған	кім өткізеді	мерзімі
1	Аттестатталуға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту	ұжым	директор	мамыр
2	Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту	ұжым	директор	тамыз-қыркүйек
3	Педагог қызметкерлерді аттестациялау ережелерімен таныстыру	Аттестациядан өтетін педагогтар	АК	қазан
4	АК жұмысы: -аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен әңгімелесу -І кезең біліктілік тестілеуден өту	Аттестациядан өтетін педагогтар	АК	Қараша-желтоқсан
4	АК жұмысы: -Комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог-тәрбиеші туралы қорытынды шешім қабылдау)	Аттестациядан өтетін педагогтар	АК	наурыз

Педагогтардың аттестаттаудан өту кестесі

№	Аты-жөні	Қызметі	Аттестаттаудан өткен және өту мерзімдері					
			2015-2016	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021
1	Игенбекова Раушан Кадирхановна	Директор Тәрбиеші		II		бірінші		
2	Егембердиева Асылгуль Тажибаевна	Әдіскер Музыка жетекшісі				II		
3	Шындалиева Сапаркул Кудайбергенқызы	Психолог						
4	Спабекова Индира	Тәрбиеші			II			
5	Жолдыбаева Айсәуле Жанабайқызы	Тәрбиеші						
6	Сербаева Макпал Курахбаевна	Тәрбиеші			II			
7	Қылшынбетова Мадина Накыповна	Тәрбиеші	II					
8	Игенбекова Райхан Кадирхановна	Орыс тілі мұғалімі						

«Қазақстан Республикасы Тілдер туралы» Заңының орындалуы туралы

Мақсаты: мемлекеттік тілдің кең таралуын жүзеге асыру. Білім беру процесінің барлық қатысушыларын (педагогтар, балалар және ата-аналар) осы мәселені іске асыруға қатыстыру.

2018-2019 оқу жылдарына арналған мерекелік іс-шаралар жоспары

№	Мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
Педагогтармен жұмыс			
1.	Қазақстан Республикасының Тілдер күніне арналған іс-шаралар жоспарын дайындау.	Қыркүйек	А.Егембердиева-әдіскер
2.	Тіл мерекесіне байланысты өтетін апталықтың ашылу салтанаты.	Қыркүйек	А.Егембердиева-әдіскер
3.	Аудан көлемінде өткізілетін іс-шараларға қатысу.	Қыркүйек	Бөбекжай әкімшілігі
4.	Мемлекеттік тілдегі мерзімді баспасөз беттеріне жазылу. Баспаларға жазылу	Қазан, ақпан	А.Егембердиева-әдіскер
5.	ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы бойынша «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгерістерімен таныстыру (дөңгелек үстел)	Қазан	А.Егембердиева-әдіскер
6.	«Латын әліпбиі - қазақ тілінің болашағы» дөңгелек үстел	Қараша	А.Егембердиева-әдіскер
7.	«Қазақстан Республикасының Тілдер туралы», «Баланың құқығы туралы», Заңының орындалуы туралы жыл бойы жүргізілген жұмыстың қорытындысы Баяндама	Мамыр	А.Егембердиева-әдіскер
Тәрбиеленушілермен жұмыс			
1.	«Ана тілім – тірлігімнің айғағы» педагогтармен дөңгелек үстел	Қыркүйек	Әдіскер, тәрбиешілер
2.	«Құрметтеймін туған тілімді» тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі	Қыркүйек	Тәрбиеші-М.Қылшанбетова кіші аралас тобы
3.	«Қазақ ертегілері әлеміне саяхат» атты ертегілерді сахналау	Қыркүйек	Тәрбиешілер
4.	Тақырыбы: «Комнатная мебель» орыс тілінен ашық ұйымдастырылған оқу қызметі	Қыркүйек	Орыс тілі мұғалімі-Р.Игенбекова
5.	«Тілім менің байлығым» тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі	Қыркүйек	Тәрбиеші-И.Спабекова Ортаңғы аралас тобы
6.	«Ана тілім - ардақтым» мерекелік ертеңгілік	Қыркүйек	Музыка жетекшісі, тәрбиешілер

Ата-аналармен жұмыс			
1.	«Мемлекеттік тіл-менің тілім» пікірталас	Қыркүйек	А.Егембердиева-әдіскер
2.	«Латын әліпбиіне көшу – болашаққа бастар бағыт» ата-аналармен дөңгелек үстел	Қараша	А.Егембердиева-әдіскер

Әдістемелік кабинет жұмысының ұйымдастырылуы

Мақсаты: Бөбекжай педагогтарының кәсіби-шығармашылық деңгейінің дамуына жағдай жасау.

Әдістемелік кеңес

Әдістемелік кеңес тақырыбы: «Білім берудің жаңа технологиялары – педагогикалық үрдістегі тиімділікті арттыру негізі»

Мақсаты: Әрбір педагогтың педагогикалық қызметінің -қайталанбас және тиімді жүйесін қалыптастыру

Міндеттер:

- педагогтардың кәсіби әдістемелік жұмысын дамытудың басым бағыттарын анықтау;
- мекеменің әдістемелік қызметін қамтамасыз ету;
- озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату; жарияланымдарды дайындау;
- білім беру процесін, педагогикалық қызметкерлердің шеберлігін жетілдіру.

№	Қаралатын мәселелер	Жауаптылар
Қыркүйек №1 Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру. Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел		
1.	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; - портфолио жинақтау; - вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.	А.Егембердиева-әдіскер
2.	Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту	А.Егембердиева-әдіскер
3.	Өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.	А.Егембердиева-әдіскер
4.	«Күншуақ» кіші тобындағы балалардың бейімделуі.	Психолог – С.Шындалиева
5.	Балабақшада өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыру, өткізу	А.Егембердиева-әдіскер
6.	Ағымдағы мәселелер.	А.Егембердиева-әдіскер
Қараша №2 Тақырыбы: Білім беру процесін жоспарлау барысында әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану		

Мектепке дейінгі мекеменің ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері

Максаты: Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде қазіргі заманғы әдіс-тәсілдері тиімді қолдану.

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Саласы: Коммуникация, әлеумет Бөлімі: Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Тілім менің мактанышым» тақырыптық ҰОҚ	Қыркүйек	Тәрбиеші- И.Спабекова Ортаңғы топ
2.	Саласы: Коммуникация Бөлімі: Орыс тілі Тақырыбы: «Комнатная мебель» тақырыптық ҰОҚ	Қыркүйек	Орыс тілі мұғалімі- Р.Игенбекова ортаңғы топ
3.	Саласы: Коммуникация, шығармашылық Бөлімі: Сөйлеуді дамыту, сурет салу Тақырыбы: «Тілім менің байлығым» тақырыптық ҰОҚ	Қыркүйек	Тәрбиеші- кіші аралас тобы М.Қылшынбетова
4.	Саласы: Денсаулық Бөлімі: Дене шынықтыру Тақырыбы: Еңіс тактай бойымен жүру	Қараша	Тәрбиеші- А.Жолдыбаева Ортаңғы топ
	Саласы: Шығармашылық Бөлімі: Музыка Тақырыбы: «Болайықшы осындай»	Қараша	Музыка жетекшісі А.Егембердиева Ортаңғы топ
5.	Саласы: Таным Бөлімі: Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарлары қандай?»	Қаңтар	Тәрбиеші- И. Спабекова ересек тобы
6.	Саласы: Шығармашылық Бөлімі: Мүсіндеу Тақырыбы: «Токаштар»ҰОҚ	Ақпан	Тәрбиеші- М.Сербаева Ерте жас тобы
7.	Саласы: Таным Бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарды калыптастыру Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі	Сәуір	Тәрбиеші- А.Жолдыбаева ересек тобы

Семинар-практикум

Мақсаты: педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, өз бетінше ізденулеріне көмектесу, өздігінен білім алу жағдайларын қарастыру.

Тыңдаушылар санаты: *педагогтар.*

Өту аралығы: 20 -24 қаңтар 2020ж

Тақырыбы: *Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі жаңа технологиялардың тиімділігі*

Күні	Уақыты	Мазмұны (тақырып)	Өтілу түрі	Жауаптылар
20 қаңтар 2020 жыл	14.00 – 14.30	Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының өздігінен білім алу нысаны ретінде біліктілікті үздіксіз арттыру жүйесі	Ұйымдастырушылық бөлігі. Лекция	Р.Игенбекова директор
<i>Семинарға қатысушылардың баяндамалары мен сөз сөйлеулері</i>				
22 қаңтар 2020 жыл	14.00 – 14.15	Мектепке дейінгі балаларды құрастыру шығармашылығына баулу	Баяндама презентация сымен	М.Қылшынбетова- тәрбиеші
	14.20 – 14.35	Музыкалық – дидактикалық ойындар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық қабілетін дамыту	Шығармашылық есеп	А.Егембердиева музыка жетекшісі
23 қаңтар 2020 жыл	14.00 – 14.15	Балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту негіздері	Баяндама презентация сымен	И.Спабекова -тәрбиеші
	14.20 – 14.35	Ертегітерапия. Ертегі медитация.	Шығармашылық есеп	С.Шындалиева психолог
<i>Шебер – сыныптар, ашық қойылымдар</i>				
24 қаңтар 2020 жыл	14.00 – 14.15	Балалардың тілін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы	Шебер – сынып	Орыс тілі мұғалімі- Р.Игенбекова
	14.20 – 14.35	Ертегілерді сахналау арқылы тәрбиеленушілерді сахна өнеріне тәрбиелеу	Шебер – сынып	А.Жолдыбаева- тәрбиеші
		Ертегілер мен ТРИЗ	Шебер – сынып	М.Сербаева- тәрбиеші

Семинар-практикум

Тақырыбы: *«Ұрпақ тәрбиесі-ел болашағы» семинар – практикум*

Өту аралығы: 17 -21 ақпан

Күні	Уақыты	Мазмұны (тақырып)	Өтілу түрі	Жауаптылар
17 ақпан 2020 жыл	14.00 – 14.30	«Қазақ отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері»	Ұйымдастырушылық бөлігі.	А.Егембердиева - әдіскер

<i>Семинарға қатысушылардың баяндамалары мен сөз сөйлеулері</i>				
19 ақпан 2020 жыл	14.00 – 14.15	Ата-анамен балабақша арасындағы ынтымақтастық негіздері	Баяндама презентация сымен	М.Қылшынбетова М.Сербаева- тәрбиешілер
	14.20 – 14.35	Баланың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру	Баяндама презентация сымен	А.Жодыбаева, И.Спабекова- тәрбиешілер
<i>Іскерлік ойындар мен тренингтер</i>				
21-22 ақпан 2020 жыл	14.00 – 14.15	«Амандасып алайық» ойыны	Шаттық шеңбері	А.Егембердиева - әдіскер
	14.15 – 14.30	«Мәртебелі ойын»	Іскерлік ойын	А.Егембердиева - әдіскер
	14.35 – 14.55	«Поезд жаттығуы»	Сергіту сәті	С.Шындалиева психолог
	15.00 – 15.15	Педагогикалық жағдаяттар	Карточкалар	А.Егембердиева - әдіскер
	15.20- 15.45	«Мен кереметпін»	психологиялық тренинг	С.Шындалиева психолог
	15.45- 16.00	Қорытынды	Бағалау	Р. Игенбекова директор

Кеңестер

Мақсаты: тәрбиешілер мен мамандардың кәсіби-педагогикалық деңгейін дамыту, "инновациялық" белсенділігін арттыру.

